

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес КАПБ КТІЖБ инспекторы және жоғарғы 8-11 сыныптар аралығындағы оқушылармен бірге өткізілген жиналысының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні : 22.01.2024ж
Қатысқандар: 104

Амангелді ауылы

Күн тәртібі:

- 1. Жиналысқа келген қонақтарды таныстыру (МДТЖЖО Джорабеков К.)**
- 2. «Трамадол» - жастар есірткісі тақырыбында баяндамашы (АПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы , полиция майоры Т.Қоштаев)**
- 3. Басқада мәселелер бойынша . (МДТЖЖО Джорабеков К)**

Тыңдалды:

Келес аудандық полиция бөлімінің ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Қоштаев Тойлыбай мектептің бірлескен тәрбие жоспарына сәйкес «Трамадол» - жастар есірткісі тақырыбында сөз бастады. Қазіргі кезде қоғамда және соның ішінде жастар арасында есірткілі «Трамадол» анальгетигін қолдануға әуестік белең алып бара жатқандығын айтты. «Жастар қазіргі кезде рахат сезіміне бөлену үшін бұл препаратты кеңінен қолданады. Бұл есірткілік зат, яғни нашақорлықтың бір түрі дегеніміз. Бұл затты қолданудың көптеген себептері бар. Кейбіреулері сіздің қоршаған ортаңыз бен өмірлік тәжірибеңізге байланысты, мысалы есірткі қолданатын достарыңыз бар. Басқалары генетикалық. Препаратты қабылдаған кезде белгілі бір генетикалық факторлар тәуелділіктің даму қаупін арттыруы мүмкін. Трамадолды үнемі қолдану сіздің ми химияңызды өзгертеді, бұл сізге рахат сезінуге әсер етеді. Бұл сіз бастағаннан кейін есірткіні қолдануды тоқтату қиынға соғуы мүмкін. Қолданушы масаюға қол жеткізу үшін бірден 10 және одан да көп мөлшерде қабылдайды. Мұндай дозада ол есінен танып, қалшылдап, аузынан көбігі шығатын қояншық ауруына ұқсайтын ұстама ауруын туғызуы мүмкін. Препаратқа тәуелділігі артып кеткен жасөспірімдер мен бозбалалар үйлерінен заттарды ұрлап, туысқандарына өтірік айтып, сабақтарынан қала бастайды. Ақыр аяғында бұған себеп – препаратты қолдану екендігі анықталады. Трамадол— есірткілі анальгетик, апиынды рецепторлардың агонистік тобына жатады. Күшті анальгетикалық белсенділікке ие, жылдам және ұзақ әсер береді. Белсенділігі бойынша бірдей мөлшерде (тиісінше үлкен мөлшерде қолданылады) морфиннен кейінгі орында. Ішке егу кезінде тиімді әсер береді және парентеральды.

Жанама әсерлері;

Нерв жүйесіне әсер етеді. Қатты тер бөлінуі, бас айналу, бас ауруы, әлсіздік, қатты шаршау, орталық нерв жүйесінің қарама-қайшы әсері (ашушандық, тағатсыздану, мазасыздық, бұлшық еттің құрысуы, масайрау, эмоционалды тұрақсыздық, елестеушілік), ұйқы басу, ұйқының бұзылуы, сананың шатасуы, қозғалыстың бұзылуы, орталық генездің түйілуі (көп мөлшерде тамырға шаншыған кезде немесе бір уақытта қатар антипсихотикалық дәрілік құралдарды (нейролептиктерді) тағайындағанда), күйзеліс, ұмытшақтық, когнитивтік қызметтің бұзылуы, парестезия, жүрістің теңселуі.

Ұзақ қолданған кезде дәріге тәуелділік орын алады. Күрт тоқтатқанда – «бас тарту» синдромы пайда болады.

Есірткілік қасиеті;

Препараттың ұсынылатын мөлшерінен сәл артық қолданғанның өзінде бастау алатын тәуелділік пен есірткіге тәуелділік проблемалары, айқын есірткілік масаю орын алатындықтан бірқатар елдерде, мәселен, Украина мен Белоруссияда бұл дәрмек ресми түрде есірткі деп танылған.

Баянат барысында оқушыларға, жиынға қатысушыларға қазіргі кезде рейдтік іс-шара жүріп жатқаны жайлы, олардың түрлері жайлы, болып жатқан оқиғалардың негізгі

мақсаттары жайлы айтып өтті. Бірінші қадам - тәуелділікке қатысты кез-келген қате түсініктерді білу. Есіңізде болсын, есірткі қабылдау мидың құрылымы мен химиясын уақыт өте келе өзгертеді, сондықтан есірткіні қолдануды тоқтату қиынға соғатындығын айта келе баяндамасын аяқтады.

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К.Джорабеков трамадол ұзаққа созылатын немесе ұзартылған босатылатын таблеткалар мен капсулаларда шығарылады. Жұтылған кезде оның әсері біртіндеп пайда болып, төрт-алты сағат ішінде шарықтайды. Бұл героин, кодеин немесе метадон сияқты басқа рецепттер мен заңсыз опиоидтарға қарағанда әлсіз. Алайда, бұл тәуелділікке әкелетіндігін айтты. Трамадол - созылмалы ауруды және қатты жарақат алған адамдарға уақытша емдеу үшін қолданылатын синтетикалық опиоид. Сіздің досыңыз немесе жақын адамыңыз сізден нашақорлықты жасыруға тырысуы мүмкін. Мүмкін сіз есірткі немесе басқа нәрсе, мысалы, қиын жұмыс немесе стресстік өмірді өзгерту сияқты ма деп ойлауыңыз мүмкін, алайда бұл қате түсінік деп түсіндірді. Ал бұл препаратты дәрігердің рецептісіз сатуға тиым салынғандығын айтып сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Оқушылар мен жастар арасында есірткілі «Трамадол» анальгетигін заттарының қолдануының алдын-алу мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу қадағалансын;
2. КТІЖБ инспекторлары, ата-аналар және ұстаздар тарапынан оқушылар мен жастарға қадағалау жұмыстары күшейтілсін.

Мектеп директоры :	_____	К.Турсынбекова
Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:	_____	К.Джорабеков
КАИБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы:	_____	Т.Қоштаев
Хатшы :	_____	М.Оңғар

